



**"Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 бұйрығына N 73 өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

**Күшін жойған**

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2002 жылғы 24 мамырдағы N 236 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2002 жылғы 12 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1881. Күші жойылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2005 жылғы 2 маусымдағы N 75 Бұйрығымен -----Бұйрықтан үзінді-----

*"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1362 "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" қаулысының қабылдануына с ә й к е с*

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту бойынша бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.
2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қатынастарға әрекет етеді.

**Министр**

Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы
Э к о н о м и к а	ж ә н е б ю д ж е т т і к
ж о с п а р л а у	М и н и с т р л і г і н і ң
	2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 м а у с ы м д а ғ ы

N 75 бұйрығына қосымша

Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту бойынша бұйрық тізбесі

27. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2002 жылғы 24 мамырдағы N 236 (тіркелген N 1881) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 "Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бекіту туралы бұйрығына N 73 өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" бұйрығы...

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. "Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 V991058\_ бұйрығына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

8 "Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік функционалдық тобының 3 "Ақпараттық кеңістік" ішкі функциясындағы 264 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын қоғамдық қарым-қатынастар және ішкі саясатты талдау атқарушы органы" бағдарламалар әкімшісі мынадай мазмұндағы 037 бағдарламамен толықтырылсын:

"037 Жергілікті деңгейде "Қазақстан-2030" Стратегиясын насихаттау жөнінде тәжірибелік және ғылыми-әдістемелік іс-шаралар ұйымдастыру";

10 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау" функционалдық тобының 5 "Қоршаған ортаны қорғау" ішкі функциясындағы 105 "Әкім аппараты" бағдарламалар әкімшісі бойынша 034 "Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғауды ұйымдастыруы бағдарламасындағы 030 "Облыстық (қалалық) қоршаған ортаны қорғау қоры" кіші бағдарламасы бойынша "Қолданылу мерзімінің аяқталуы" бағанындағы "01.05.02" деген сандар "01.07.02" деген сандарға ауыстырылсын.

2. Заң қызметі департаменті (Н.А. Қалиева) және Мемлекеттік бюджет департаменті (Б.Ғ. Сұлтанов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрдің орынбасары -  
Қаржы министрі